

егемен

Қазақстан

**Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез,
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз.**

*Абайдың мерекелік тойы қарсаңында оның әдеби мұрасына жұртшылық назары, ықыласы бұрынғыдан да арта түскені аса қуанарлық жәйт. Қазірде Абай шығармалары, өмір жолы туралы өңгімелер көптеген ортада: мектептерде, жоғары оқу орындарында, кітапханалар мен мәдени мекемелердегі кездесулерде өтіп жатыр. Осыған орай қойылып жүрген сауалдар, айтылып жазылып жүрген әртүрлі пікір байлам-тұжырымдар да аз емес. Абай шығармашылығы жайында жеке шығармаларға қатысты әр түрлі пікірлер, соның ішінде ой туғызарлықтай талас пікірлер айтылуы да, әрине, орынды. Тек қандай пікірлер, байлам-түйіндер айтылса да, құр жорамал болмай, сендірерлік дәлелі болса жарап жатыр.

Әзірше бек байлап айтысқа шығарлықтай талас пікір де көп өрбіген жоқ. Дегенмен, Абайдың шығармасы саналып басылған өлеңдер де, не Абайдың қолынан шыққан деуге лайық емес деп бұрынғы жинақтарға кіріп жүрген кейбір өлеңдерге күмән келтіру де кездеседі. Абай шығармаларының жаңа басылымның құрастырушылар бұл пікірлерді саралап, пайдалы дегендерін ескеретін шығар. Біз бұл мәселеге байланысты бір-екілі өз пікірімізді айта кетуді жөн деп ойлаймыз.

Абайдың өлеңдеріне сын көзімен қарап талап қойғанда мықтап ескеретін жай мынау. Үлкен ақынның қолынан шыққан туындылар мінсіз болу керек деген талап, әрине орынды. Алайда, ақынның кей-кейде табан астында, бір отырыста шығарған өлеңі алдымен өз сыны, өз талабына сәйкес келмеуі, ойлаған жерден шықпауы да мүмкін ғой. Сондай өлеңдер де қағазға түсіп, сақталған болса, кейін басылып, Абай жинағына кіруі әбден мүмкін ғой. Абай өлең жазғанда ертең осыны ана газетке, журналға бастырайын деп, немесе, кітапқа кіргізгелі отырып жазбаған ғой. Айталық, орыс ақынның шығармаларын оқып отырғанда, қайсысы көңілінен шықса, соны ілесе, жарыса аударып, көбінесе өзіне еркін кетіп, өзгерте қазақшалап шыққан болса, оны қалай ескермейміз. Қалай болған күнде де, ертеден қолжазбаларда сақталған, жинақтарда басылып келген өлеңді ана жері олай екен, мына жері былай екен деуге болса да, Абай шығармаларының қатарынан мүлде шығарып тастау керек деп бір адамның үздік-кесілді кесім айтуы ағаттық демекше амал жоқ. Ал, Абайдың кейбір мысал өлеңдері жайлы Мұхтар Әуезов айтқан пікірге келсек, оны да байыптап ойластыру қажет.

Иә, Мұхтар Әуезов Абай Крыловтан аударған «Есек пен бұлбұл», «Бүркіт пен қарға», «Шегіртке мен құмырсқа», «Түлкі мен қарға», «Піл мен қандан» өлеңдерін атап айтып келіп, анық өзі аударған мысалдарды осылармен шектейтіні бар. Сонда Абай жинақтарында осыларға тағы сегіз мысал өлең қосылып, барлығы он үш мысал болып жүргені қалай деу орынды секілді көрінетіні түсінікті. Белгілі әдебиетші, жазушы Нығмет Ғабдуллин «Абай сөзді бұлай сазтамаса керек» деген мақаласында («Егемен Қазақстан», 19 қаңтар 1993 жыл) жоғарыда айтылған Мұхтар Әуезовтың пікіріне сүйеніп, осы «кешілікті түзеудің кезі жеткен жоқ па?» деген сауал қояды, яғни, жарияланып жүрген он үш мысалдың бесеуін алып қалып, сегізін Абай жинағынан шығарып тастау керек деген тұжырым жасайды.

Алдымен, Мұхтар Әуезов өзі дайындап бастырған 1933 жылғы Абайдың толық жинағына осы сөз болып отырған мысалдардың бәрін бөліп-жармай түгел енгізгенімен есептеспеге; әрине, болмайды. Әуезов сол кезде жаңылысыпты, сегіз мысал өлеңнің Абайдыкі емес екенін біле отырып, «жұртта бөтен пікір, орынсыз дау тумас үшін» бастырып жіберіпті дегеннің көңіліне қонарлықтай ешбір қисыны жоқ. Кейінірек, елуінші жылдардың басында Абайдың жас кезінде шығарған бір топ өлеңдері ұлы ақынның бойына лайық емес деп соларды жинаққа алғаш енгізген Әуезовке кіна тақпақ болған. С. Нұрышевқа Мұхаң қатты ренжіп, ал сонда Крыловтан аударылды деген мысалдар түгелдей мінсіз бе екен, солардың ішінде Абайдан басқа ақындан шығарған деуге келетіндері бар емес пе дегенін естіген болатынбыз. Сол Нұрышев Абайдың Крыловтан аударған мысалдары бойынша кандидаттық диссертация қорғап, онысын кітап етіп шығарған еді. Әуезовтың қолдауымен қорғаған Нұрышев 1953 жылғы академиялық журналда «До конца искоренить буржуазный национализм в абаеведении» деген мақала шығарып, Әуезовке ұлтшыл деп жала жабуға дейін барған. Сол кезде Мұхтар Әуезов Крыловтан аударылған біраз өлеңдерге қатты шүйілсе де, 1957 жылы жарық көрген, өзі басқарып, тікелей қатысқан жинақты дайындау үстінде Крыловтан аударылған деп саналып жүрген бір де бір мысалға шек келтірген емес. Бір кезде жаңылыс басып жіберіліп, енді бұларды алып тастайық деген жоқ. 1957 жылғы жинақты дайындау кезінде Әуезов көрсеткен, түзетулері, қандай да екідай оқылатын сөздердің қайсысын құптағанына текстің үстіне жазылып белгі салынған 1954 жылғы басылған екі кітаптан тұратын алдыңғы жинақтың бір данасы менің қолымда қазір де бар. Ал Әуезов Абай аударған бір топ мысалды сынаған десек, бұл мәселе енді де баһыштап түсінген жөн. Әуезовтың сын пікірлеріне назар аударғанда, алдымен мына сөздерін еске түсіруіміз керек: «Ал, анық әдебиет жүйесінің көзімен қарағанда, орыс әдебиетінде мысал (басня), стих (өлең) емес. Ол өзі бөлшекше жанр. Оның жол өлшеулері өлеңге төн өзгешеліктей боп шумаққа да бөлінбейді. Әр кезде сөйлеп айтатын ауызша өңгіме, халықтық өңгіменің нақысты, ырғақты қара сөзіне бейім келеді. Қысқа қайырылған өте мазмұнды жауаптасу, қағысулар оқиғалы желіге құрылады.

Ал, Абай мен Алтынсарин немесе басқа қазақтың аудармашылары болсын, бәрі де Крылов мысалының осы ерекшелігін дәл бермеген. Қазақша аударылуда орыс әдебиетінің бұндайлық бөлшекше жаңа жанры қазақшада бөлшекше жанр тудырмайды. Кейбір аудармалар қазақтың төрт жолды шумағы бар он бір буынды өлеңінен аударылады.

Абай мен Алтынсарин жеті-сегіз буынды шырауандас өлеңмен айнымас өлшемге бағындырып, қысқа жоламен аударды. Сол

себепті сырттай салыстырып қарасақ та, мысалы, Крыловтың «Ворона и лисица» дейтін шығармасы жиырма алты жолға бөліне, Абай мен Алтынсаринде елуден аса жолдардан құралады. Крыловтың мұраларының оның әңгімесі мен сатиралық-әжуалық ең қымбатты ішкі мәнін алады да, Абай оның сыртқы түр өзгешелігін көп құптамайды». (М. О. Әуезов, Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. 1967, 201-202 беттер).

М. Әуезовтың осы ой-түйініне басқа қырынан келсек, Абай Крылов мысалдарын дәл аударып, оның құрылыс-қалпын сақтауда мақсат етпеген, сюжетін еркін баяндап, көшірме-аударма емес, қазақ тілінде төл тума туынды болып шығатын сарындас аударма беруді мақсат еткен дер едік. Мәселеге осы тұрғыдан қарасақ, бұдан бір ғасырға таяу уақыт бұрын Крылов мысалдарын еркін тәржімалаған Абай қазақ тілінде қайта туғызған мысал өлеңдерін алдымен сол кездегі, сол ортадағы өнегелі сөзге құлақ асатын адамдардың ұтып-түсінуіне жақындатып, және олар, Әуезовше айтсақ, «өтімді, қымбатты құрал есебінде пайдалануға» лайықтан жазғаны айқын емес пе?



**Зәки АХМЕТОВ,
академик**
**«БІЛІМДІДЕН
ШЫҚҚАН СӨЗ...»**

Абайдың аударма өлеңдерін орысша текстің кейбір жерін тым қазақшалап жіберіпті деп айтуға бейім кейбір бүгінгі сыншылар, сол өлеңдердің дәл қазіргі қалыптасқан мағынадағы аударма емес екенін, кейде дәлме-дәл, барабар аударма емес, сарындас, еркін аударма болып келетінін, сондықтан түпнұсқадан алына түскен жері олардың кемшілігі емес екенін еске алғаны абзал.

Енді мысалдар туралы өңгімені осымен шектеп, 1957 жылғы жинаққа қайта оралсақ, Мұхтар Әуезов жай өншейін сыртта жүріп редактор бола салған жоқ, текстологиялық жұмыстың барысында, қолжазбалар мен бұрынғы басылымдар салыстырылып тексерілгенде алты ай бойы үзбей басы-қасында болды. Мұқаң академияға, өзі қызмет істейтін сол кездегі Тіл және әдебиет институтына бейсенбі сайын төрттенгі 9-да келіп, түске дейін болып жүрді. Абайдың 1957 жылы басылған екі томдық толық жинағының ерекше құндылығы — алдымен Мұхтар Әуезовтың текстологиялық жұмыстарға тікелей қатынасуының, ерінбей-жалықпай басшылық етуінің нәтижесі. Кезінде көзімізбен көрген осы шындықты бүгін ауыз толтырып атап айту тірі адамға парыз ғой.

Бұл жинақта көптеген сөздердің қолжазбаларда, бұрынғы басылымдарда басқаша оқылатын нұсқасы (варианты) түсініктеме берілгенде көрсетіліп отырды.

→ Мұхтар Әуезовтың кейбір шығарманы орнықты талдай отырып, сынап айтқан пікірі басқа біреудің поэзиялық туындының қыр-сырларын жете танымай құр көтере мақтағанынан оңде қайда құндай, мәнді болып келеді десек, артық айтқан бола қоймас. Мәселе сол айтылған сын пікірдің астарында қаншалық терең мағна жатқанын аңдап, аңғара білуге ұмтылуға. Осыған бір ғана мысал, Мұхтар Әуезов «Масғұт» поэмасында, анық айтқанда, ондағы екі бөлімнің арасында логикалық байланыс жоқ екенін, айтады. Шынында, Абай өзара байланысы аз екі сюжетті Масғұттың өмірінің екі кезеңін сипаттап көрсету үшін алып отырғаны рас қой. Поэманың бірінші бөлімінде де, екінші бөлімінде де алынған сюжеттегі оқиғаның желісін тілге тиек етіп, сол арқылы өз ойын білдірген.


Қызыл гүлді алған Масғұттың таңдауын Абай қолдамайды. Ақ гүлді алып, жаннан асқан ақылды болып шығудан Масғұт өзі бас тартты деп:

Ақыл мен мал екеуін асырай алмай,
Арашаңы іздегі қатын-қыздан...
деп Абай оны сынап отыр. Масғұт ақылына ақыл қосып, елден ерек ақылды болуға тырыспағанымен ақылдан кенде адам емес. Масғұттың кейін ханға үзіріп болуы, оған да ақыл-кеңес беруге қабылеті жететін адам болып көрінуі тегін болмаса керек. Бір жағынан елден асқан ақылды болудан қашты деп Масғұтты сынап отырып, Абай көп наданның ішінде айырықша ақылды болу да қыян деген ойды түгелдей жоққа шығармайды. Поэманың екінші бөліміндегі сюжеттен міне осы шындық айқын көрінеді. Бұл сюжет те ескі ертегі-аңыздан алынғандықтан гираттылық мөнімен көбірек назар аударарды, шыңдығынан гөрі көркемдік шарттылығы басым келеді. Алайда, бұл сюжет ақылды болу үшін сол ақылды бағалай білетін адамдар, ұғатын, түсінетін қауым болу керек деген ойды тұспадап жеткізуге тірек болып тұр. Әрине, Абайдың екі басқа уақиға желісі жағынан іштей бірлігі жоқ сюжеттерді бір жерде түйістіріп, қатарластыра алуы да — өз идеялық-көркемдік мақсатына орайлас тапқан шешімі.

«Масғұт» поэмасы туралы пікірлерін жинақтай келе Әуезов оны бар қалпында алып бағалауымен шектелмей, сол поэманы басқаша қалай жазуға болар еді, қайтсе өзгеше ұтымды көркемдік шешім табылатын еді дегенге ойысады: «Сөйтіп, қорыта айтқанда, Масғұттағы идея — араб шығыс аңызының идеясы емес. Ақын шығармаларының бұрын басқаша жанр, стильде айтылып жүрген

идеялары болады. Бірақ, сол жайлары заманындағы халдерден туған сыншылық ойлар болғандықтан, ескі Бағдат тонын кидіргенше өз тұсындағы қазақтың өзіндік тіршілігінен алып, сюжетті сол болмыстан құрастырып, қиоластарса, шығарманың басты идеялары орағытын жетпей, төтелей жеткен болар еді?» (М. О. Әуезов, Абай Құнанбаев. 177-178-беттер).

Әрине, ұлы жазушының мұндай пікір айтуы қисынсыз емес. Әуезовтың «Масғұт» поэмасына көңілі толмай, сын пікірлер айтуына түрткі болған да міне осы өттең. Абай өз шығармасын өз заманындағы қазақ қоғамының өмірінен алып неге жазбады екен деген ойы болса керек. Ақын шығармасына тарихи-әдеби процестің өсу-өркендеу тұрғысынан келіп, басқа бір қырынан қарап айтылғанын ескерсек, бұл ой көңілге қонады да. Алайда, бұдан бір ғасыр бұрын жазылған, өрі өзі Абайдың қолынан шыққан шығарманы сол бар қалпында бағалауға міндетті екеніміз айқын ғой. М. Әуезов оны жақсы түсінген. Сонымен қатар тосын сын-пікір айту, пікір таластыру мәселенің байыбына баруға, шығарманың мәнін, өзгешелігін бағалауға әр қырынан келіп,



шындықтың көзін неғұрлым терең ашуға себепші болатынын да ескерген.

Абайдың шығармашылық өнері, өлеңдері, өмір жолы сөз болғанда Мұхтар Әуезовтың ғылыми еңбегімен қатар өйгілі «Абай жолы» дәуірнамасы үнемі тілге тиек болып отырады. Бұл орайда да терең түсінуді қажет ететін жайлар баршылық. Мысалы, Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясында жас Құнанбай мен Абайды, әкелі-баласы екі ай, қарама-қаршы тұлғалар етіп бейнелеуінің мәнісі қалай деген сауал жиі қойылып жүр. Абай баласы

Әдірақманның дүниеден жас кеткеніне налып шығарған жырында оны жасынан ғылым жолына түскен жаңа буынның өкілі, жаңа заманның, «жаңа жылдың басшысы» еді, өзін «мен — ескінің арты едім» деген болса, Мұхтар Әуезовтың роман-эпопеясында Құнанбайды — Абайдың өкесін ата жолын өзгертпей ұстауға тырысқан, бұрынғылардың өкілі, «ескінің арты еді», ал Абай өнер үйренуге, білім-ғылым игеруге ұмтылған, прогресс жолына бет алған жаңашыл жастардың ішіндегі ең бір озық, жарқын тұлға деп қарағаны, солай етіп бейнелегені көңілге қонымды екенін мойындаймыз.

Алдымен айтарымыз, Құнанбай мен Абай, егер байыптап дурыс аңғара алсақ, әке мен бала ретінде бір-бірімен қайшы көрінбейді, көбінесе екі заманның өкілі, екі мақсаттың, екі қоғамдық көзқарастың адамы ретінде бейнеленеді. Ал екеуінің мәнісі екі түрлі болса, Құнанбай қатал да қаһарлы, айбында да арылды көрініп, ал Абай адал, әділет іздеген ақынжанды, тұрашыл мінезбен көріне, мұның өз қисындылығы бар.

Құнанбайдың ел арасындағы түрлі талаас-тартыстың, қайшылық-шиеленістердің тізгінін қолына ұстап отырған, ақылды да адалы ел билеуші екенін, ал Абайдың қоғам өміріндегі қарым-қатынастарға енді ғана көз тігіп, араласып жүргенін естен шығаруға болмайды.

Бірінші кітаптың соңғы түсында Құнанбай мен Абай сөз қиыстыратын сөтте жасын жиырма төртке шыққан Абайдың зекертігі, өзінше пікір түйе алатыны, аса маңызды қоғамдық мәселелерге өз көзқарасы бар екені, өмірден өз жолын іздеуді, тәубды мақсат ететіні айқын аңғарылады. Өке мен баланың арасындағы сол пікір таласы болған жерде Құнанбай баласының берген жауабын түгел тыңдап болып, үн қатпай ауыр оймен отырып қалды делінетін болса, бұл да жасы үлғайған Құнанбайдың Абай айтқан пікірлерге қосымасы да, мән бергендей қалпын, заман ағысын, өмірдің өзгеріп бара жатқанын аңғарғандай сыңайын байқатады.

Ал онан кейін екінші кітаптың бас жағында баяндалатын Құнанбай қажыға аттанарда Дөркембай Қодардан қалған жағлыз ұпақ жетім бала Дәрменді ертіп келіп, жазықсыз жазаланған Қодардың құнын сұрап Құнанбаймен қатты шекісетінін еске алсақ, бұл жердегі Құнанбайға Дөркембайдың аузымен айтылатын сөздерді түгелдей жазушының берген бағасы деп тура түсінебі, алдымен сол Дөркембайдың, яғни эпопеядағы кейіпкердің өз пікірі деп түсінуіміз қажет. Эпопеяда Дөркембайдың Құнанбайға айтқан сөздері жас Абайға үлкен әсер еткені наһайым көрсетіледі. Қодардың өлімі — он үш жастағы Абай алғаш өз көзімен

көрген, жанымен сезінген трагедиялы оқиға болатын. Жазушы Абайды қаладан ауылға келген бетте осы оқиғаның үстінен шығарып, аяусыз, қатал жазадан тұла бойы түршігіп, қатты күйзеліп қиналғанын бар ықпалымен бейнелейтін тегін емес. Бұл үлкен өмір жолына аяқ басқалы тұрған ертеңгі ұлы ақынның адалдығын, адамгершілік қасиетін ашып көрсету үшін қажет етеді. Осы тұрғыдан қарағанда Дөркембай Құнанбайға келіп, жетім баланың арызын айтып, Дөркембай мен Құнанбай арасындағы сөз егеске айналып, Қодардың өлімі туралы сөз қозғалған кездегі Абайдың көңіл-күйін, әрекетін суреттеуі де ерекше назар аударарды. Жетім баланың ақысы Құнанбайдың мойнында деп, оны қатты жиналаған Дөркембайды Абай Майбасар мен Төкежанның қаһарынан, қыспақтауынан арашалап алып

— Дөркембай! Айтпасыңа болмаған шығар. Орайлы арызың болған соң қысылшан жерде айтсаң да, айшптай алмаймын. Мен қарыздармын өкем үшін. Қарғамай, сілемей қайта бер, жарқыным, сөзің жетті маған. Етім түгіл сүйегімен өтті... — дейді.

Әрине бұл — жазушының жас Абайдың өзісіді жақтауға ұмтылғанын, кімге де болсын, тіпті өз өкесінің мінезіне, істеген ісіне де байсалдылықпен, сыншылықпен қарай алатынын көрсету мақсатына сәйкес етіп келтірген көркемдік шешімі. Және терең мағыналы, мейлінше күрделі шешім. Абай Дөркембайды жақтағанда онысын өз өкесін арашалау үшін, оның күнәсін жеңілдету үшін де істегендей. «Бұның өзі өкемнің құдай алдында жауап беретін сөзі... Меккеге бара жатқанда да өкем осындай күнәм бар деп бара жатқан жоқ па?» дейді Абай.

Алайда, жазушы Құнанбайды өзінің теріс қалықтарына өкініп тәубаға келген кейіпке көрсетпей, қатал, қатты мінезінен айнымайтын қалпында бейнелейді, қоғамдық өмірдегі ымыраға келмейтін қайшылықты, бітіссіз талаас-тартысты жеріне жеткізе ашып беруге ұмтылады.

Құнанбай жолға шыққандағы Абайдың көңіл-күйін «Өкесінің шын өкінген жүзің Абай көрмеді. Оның баяғы қатал ызасын ғана көрді: Екі арасы бітімсіз» деп түйіндейді. Көңіл аударарлық нәрсе — Абайдың осындай көңіл-күйін жазушы Құнанбайға келіп, жетімнің құнын сұрап, шекісіп қалған Дөркембай сөздерінің, соның мінезінің тікелей әсері етіп көрсетеді. Осы қақтығыс, айтылған сөздер Абай жас кезінде өзі көзімен көрген Қодардың өлімін есіне түсіріп қатты, тебіренкенін ескерсек, оның рухани күйінің қандай болғанын толық елестете аламыз.

Құнанбай бейнесінің жан-жақты келетінін айқынырақ байқау үшін тағы бір жайға тоқтала кету артық болмас. Жас Абай өкесінің сәлемімен Байдалға келіп сөйлесіп, даулы сөздің жауабын алған соң Байдалы басқа бөтен әңгіме айтады. Бір жиында «Жә, өзіміз көргенде мырза кім?» дегенде Қаратай: «Мырза Құнанбай» дейді. «Шешен кім?» дегенде, ол «Шешен — Құнанбай» дейді. «Жақсы кім?» дескенде, ол тағы «Жақсы — Құнанбай» дейді. Сонда Байсал: «Мырза Құнанбай екен, шешен Құнанбай екен, жақсы Құнанбай екен! Ендеше не көкіп алысып жүрміз онымен» дейді. Соған Қаратай іле жауап береді: «Ұай, тәйір-ай, мен Құнанбайдың өзге жағынан мін тауап алысып жүрмін бе? Жалғыз-ақ «не қылайыны» жоқ қой, сондықтан кетіп жүргем жоқ па» дейді. Әңгіме соңында Байдалы Абайға: «Осыны да өкеңе айта баршы... «Кештім» дегенін бір көрмей кеттік қой!» дейді. Абай өкесіне Байдалының сәлемін түгел жеткізгеннен кейін осы әңгімені айтады. Сонда Құнанбай: «Қаратай жүйрік қой, жер таниды. Айтқаны шын болса керек. Бірақ өз топшылауым бойынша, адамның қай мінезі қасиеті болса, сол мінезі міні де болады. Мен өмірде ұстаған нәрсеңді берік ұстанам. Жақсылық — кісінің айнымас тәбиғатында деп білемін. Соның түбінен мін шығатын кез де табатын шығар!» — дейді. Жазушы Құнанбай осы сөзден кейін «үндемей отырып қалды» дейді де, ол «аздан соң ғана барып, өлген де жуасыңқырай түсіп:

— Адам пенде ғой! Пенденің жоқ-жітігі толған ба? — дейді. Қияласа да өз мойнына кінә алып отыр.

Бұл кезде Абайға өкесі жадағай көрінбеді. Кінәға, дауға жүйрік Байдалы сияқты емес. Ол шешендіктен гөрі басқарақ түпкірі бар жан сияқты. Оңай жан емес. Қат-қабат шың сияқты» — деп жазайды.

Осы жайларды айта отырып, роман-эпопеядағы кейіпкерлердің әр кездегі, әр түрлі жағдайдағы бір-бірімен қарым-қатынасы, жан дүниесі қандай күйде болуы олардың мінез-тұлғасының бір көрінісі, бір ғана сәт екенін де ұмытуға болмайды. Және кейіпкерлердің әр сөзі, әр мінезі жазушының беретін бағасымен, көзқарасымен түп-тура бірдей келе бермейтіні анық. Себебі: жазушы әр оқиға тұсында кейіпкерлерге деген өз бағасын, өз түсінігін ашып салып, сарқып айта қоймайды. Шығарманың барысында уақиға желісінің әлі де өрістейтінін, талай тартыс-таластың әлі де алда тұрғанын есінен шығармай, әртүрлі көркемдік шешімдерді табу мүмкіншілігін пайдалануға ұмтылады. Сондықтан да жазушының басты кейіпкерлерді бейнелеуі әлдеқайда күрделі болып, иірімдері, қатпары мол келеді. Өйткені сонда ғана олардың тұлғасы, қоғамдық өмірдің, адамдардың бір-бірімен қатынасындағы шиеленіскен қайшылықтарды танытарлық қасиетке ие болады.

Абай, Құнанбай, Дөркембай, тағы басқа бір кейіпкерлердің әрбір іс-әрекеттерін эпопеяның он бойындағы санқилы, қат-қабат болып жалғаса тұтасып келетін оқиғалармен ұштастырып қарастырғанда ғана анық түсіне аламыз. Өйткені роман-эпопеядағы үлкен тарихи шындық Абай заманын, сол дәуірдегі қоғамдық қатынастардың әлеуметтік мәнін, халық тағдырын терең түсінуге тірек, негіз болар шығармада тұтасып барып, бір арнаға келіп тоғысатын көркемдік шешімдерден туындайды.

Эпопеядағы кейбір жайлардың айтылуын, баяндауын қазіргі заман ауысып, көптеген қоғамдық мәселелерге көзқарас мүлде өзгерген кездегі ұғым-түсініктер тұрғысынан қарап бағалағанда, әрине, бұрынғы идеологияның әсерін кей-кейде байқауға да болар. Бірақ таңқаларлық нәрсе ол емес, басма — кеменгер жазушының идеологиялық қатты қысымға қарастан соған бой бермей жүріп, осындай кең тынысты, өмір шындығын мейлінше терең ашып көрсететін үлкен әдеби туындыны дүниеге келтіргені.